

«23» 02 2023 ж.
№ 28 бұйрыққа
1-қосымша

«А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАСЫ: ЗЕРТТЕУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ НАСИХАТТАУ» атты республикалық педагогикалық оқу ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ереже

1.1. «А. Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, талдау және насихаттау» атты республикалық педагогикалық оқу (бұдан әрі – педоку) ережесі педокудың мақсаттары мен міндеттерін, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындап, педокуға ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптарды, оларды бағалау өлшемдерін, жеңімпаздарды анықтап, марапаттау тәртібін белгілейді.

1.2. Ұйымдастырушы: «Әдістемелік орталығы» МКҚК

1.3. Педагогикалық оқуға жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері (Т1) қатыса алады.

1.4. Өтетін уақыты: 01.03-25.03.2023 ж.

II. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты – қазақ тілінің реформаторы, қазақ тіл білімінің негізін салушы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының заманауи білім беру жүйесінде орын алатын педагогикалық идеялары және әдістемелік еңбектерін тану, талдау, талқылау арқылы насихаттау.

Міндеттері:

- педагогтердің әлеуметтік, кәсіби тұлғасын қалыптастыру, қолдау көрсету;
- білім беру жүйесінде педагогтерінің шығармашылық әлеуетін арттыру;
- мұғалім кәсібінің мәртебесін көтеру;
- мұғалімдерді өз кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруге ынталандыру;
- озық педагогикалық іс-тәжірибелерді насихаттау және тарату;
- пәндік құзіреттілігі жоғары, шығармашылықпен жұмыс істейтін, талантты, ой өрісі биік, парасатты өзіндік авторлық инновациялық идеясы бар, ғылыми-әдістемелік шеберлігі қалыптасқан педагогті анықтау.

III. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУДЫ ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1. Педагогикалық оқуды ұйымдастыру және өткізіп, қорытындысын шығару үшін комиссия мүшелері құрылады.

3.2. Комиссия құрамы білім беруді басқару органдарының қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтерден, педагогикалық шеберлік кәсіби байқауларының жеңімпаздарынан, қалалық Педагогтер қауымдастығының мүшелерінен, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлерінен құрылады.

3.3. Қалалық комиссия құрамы педокудың бірінші кезеңін бағалап, екінші кезеңге, республикаға, баратын педагогтерді анықтайды.

3.4. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

3.5. I кезең офлайн форматта 10 наурыз күні өтеді. II республикалық кезең Рудный қаласында 20 наурыз күні өтеді.

3.6. Педагогикалық оқу қорытындысы туралы ақпарат Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК сайтында жарияланады.

VI. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУ БАҒЫТЫ:

Педагогикалық оқуға ұсынылған жұмыстар берілген тақырыптарға мазмұндас келуі тиіс:

- «А. Байтұрсыновтың педагогикалық ой-пікірлері және оның тәлімдік мүмкіндіктері»;
- «А. Байтұрсыновтың шығармаларын сабақ үрдісіне енгізудің әдістемесі»;
- «А. Байтұрсыновтың әдістемелік мұралары»;
- «А. Байтұрсынов мұраларының ғылыми педагогикалық негізі»;
- «А. Байтұрсынұлының педагогикалық көзқарастары»;
- «А. Байтұрсынұлы және қазақ тілін оқыту әдістемесі»;
- «Жаңартылған оқу бағдарламасының А. Байтұрсынұлы ұстанымымен сабақтастығы»;
- «А. Байтұрсынұлының шығармалары – жас ұрпақты тәрбиелеудің көзі».

VII. ЖҰМЫСҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1. Қатысушылардың жұмыстарын комиссия мүшелері жинақтап, мазмұны берілген тақырыптарға және талаптарға сай жұмыстарды іріктеуден өткізіп I кезеңге жібереді. I кезеңде қатысушылар өз жұмыстарын (мақала, баяндама, автореферат, авторлық жұмыс, жоба, зерттеу жұмыстары т.б.) қорғайды. Қорғауға (қорғау кезінде таныстырылым 7 слайдтан аспауы керек) 7 минут беріледі.

7.2. Көрнекі құралдар (АКТ), бейнефильм үлгісімен және тағы басқа жабдықтармен қамтылуына болады. Жұмыс мазмұнды, нақты, стильдік құрылымы анық, сауатты жазылуы тиіс және білдіруі керек.

7.3. Қатысушы жұмысының электронды нұсқасын және педокуға қатысу Өтінімін 1-қосымшаға сәйкес 6 наурызға дейін shkolny_otdel_208@mail.ru элпоштасына жолдауы қажет.

7.4. Жұмыстың рәсімделуі:

а) Баяндама мәтіні 5 парақтан аспауы, беттері нөмірленген, тіркеу формасы MS Word мәтіндік редакторы бойынша жазылған болуы керек.

ә) Парақтың параметрлері: қағаз форматы А4, жоғарғы жағы – 2,5 см, төменгі – 2 см, сол жағы – 2,5 см, оң жағы – 1,5 см, жоларалық 1 интервалмен, жаңа жол (абзац) – 0,9 см. Қолжазба 14 шрифте, Times New Roman немесе KZ Times New Roman-мен терілуі қажет.

б) Әдебиеттер тізімі жұмыста көрсетілу тәртібіне қарай мақаланың соңында жазылады. Сілтеме берілген әдебиеттер жұмыс мәтінде квадрат жақшаның ішінде әдебиеттер тізіміндегі нөміріне сәйкес нөмірмен көрсетілуі керек. Дәйектеме (цитата) қолданған жағдайда бірінші міндетті түрде әдебиеттер тізіміндегі нөміріне сәйкес нөмірі және парағы көрсетіледі, мысалы (1, 256 бет).

7.5. Ұсынылатын материалдардың өлшемдері:

1. жұмыс мазмұнының педагогикалық оқулар бағыттарына сәйкестігі;
2. жұмыс тақырыбының өзектілігі, ҚР білім беру жүйесін дамытудың басымдықтарына сәйкестігі;
3. мәселені мазмұнды және нақты қою;
4. тақырып өзектілігінің және зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерінің дәйектілігі;
5. ғылыми машықта баяндалуы;
6. жұмыс идеясының ерекшелігі;
7. жаңашылдығы;
8. практикаға енгізу перспективасы, автордың айқын көзқарасы;
9. материалды ұсыну қисындылығы және бірізділігі, іс жүзінде жүзеге асырылу деңгейі, нәтижеліліктің, рефлексияның болуы;
10. әлеуметтік мәнділігі.

Ескертпе: жұмыстар антиплагиатқа тексеріледі.

VIII. ҚОРЫТЫНДЫСЫ

8.1. І қалалық кезеңге өткен қатысушылардың тізімі 8 наурыз күні, Республикаға жолдама алған қатысушылардың тізімі 15 наурыз күні орталықтың сайтында жарияланады.

8.2. Педагогикалық оқулардың қорытындысы бойынша «Ең үздік жұмыс» анықталады.

8.3. Жеңімпаздар Әдістемелік орталық атынан Алғыс хат, Дипломмен марапталады. Қатысушыларға қатысқандығы туралы Сертификат беріледі.

8.4. Педагогикалық оқудың қорытындысы бойынша қатысушылардың жұмыстары электрондық «PDF» форматында жинақталады.

Ескертпе: Туындаған сұрақтар бойынша 87751178221 байланыс телефонына хабарласуға болады.

1-қосымша

«А. Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, талдау және насихаттау»
республикалық педагогикалық оқуға қатысуға

ӨТІНІМ

Мені педоқуға қатысуға жіберуіңізді сұраймын.
Өзім туралы мына мәліметтерді хабарлаймын:

1	Т.А.Ә. (толық)	
2	Білім беру ұйымының атауы, электронды мекенжайы	
3	Жұмыстың тақырыбы	
4	Байланыс телефоны	

«23» 02 2023 ж.
№28 бұйрыққа
2-қосымша

Ұйымдастырушылар:

№	Аты-жөні	Лауазымы
1	Маманова Жанар Сейдахметовна	Орта және мектепке дейінгі білім беру бөлімінің әдіскері
2	Калиева Акжанай Еркінбаевна	Б. Майлин атындағы №52 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Педагогтер қауымдастығының мүшесі
3	Толеубаева Самал Жаксылыовна	М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, қазақ сыныптары бойынша Педагогтер қауымдастығының көшбасшысы
4	Қарамұрзина Маржан Жолаубаевна	Дарынды қыз балаларға арналған «Білім-Инновация» лицей-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, қазақ сыныптары бойынша Шығармашылық топтың көшбасшысы

«23» 02 2023 ж.
№ 28 бұйрыққа
3-қосымша

Комиссия мүшелерінің құрамы

Комиссия төрағасы: Есематова Ақбота Бақытқызы – Орта білім беру бөлімінің басшысы.

Комиссия мүшелері:

1. Маманова Жанар Сейтахметқызы – Орта білім беру бөлімінің әдіскері;
2. Қарамұрзина Маржан Жолаубайқызы – Дарынды қыз балаларға арналған «Білім-Инновация» лицей-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Шығармашылық топ көшбасшысы;
3. Кенжебаева Гүльдарига Мерекебаевна – ҚР Оқу-ағарту министрлігі Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» зертханасының аға ғылыми қызметкері, п.ғ.к.;
4. Ғалымжанова Фариза Баққалиқызы – «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы, Астана қаласы бойынша Кәсіби даму институты, Жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы;
5. Асемова Рауан Саметқызы – №15 мектеп- лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Педагогтер қауымдастығының мүшесі.